

АО «СК «Сентрас Иншуранс»	ПС-08 Правила обязательного страхования гражданско-правовой ответственности владельцев объектов, деятельность которых связана с опасностью причинения вреда третьим лицам	Издание № 3 от «01» января 2019г.	Стр. 1 из 15
		Взамен издания № 2 от «14» июля 2018г.	



Утверждены решением
Совета директоров
АО «СК «Сентрас Иншуранс»
Протокол № 49 от «26».11.2018 г.

ПС-08

**Правила обязательного страхования гражданско-правовой ответственности
владельцев объектов, деятельность которых связана с опасностью причинения
вреда третьим лицам АО «СК «Сентрас Иншуранс»**

	Должность	Ф.И.О.	Подпись	Дата
Контроль	Комплаенс-контролер	Троценко Д.А.		23.11.2018

Виза	Должность	Ф.И.О.	Подпись	Дата
Согласовано	Директор Департамента страховых выплат	Былин А.А.		22.11.2018
Согласовано	Главный специалист 1 категории УПО ЮД	Нартаева Г.К.		23.11.2018
Согласовано	Заместитель Директора Департамента Андеррайтинга	Самойлова Т.В.		22.11.2018

	Должность	Ф.И.О.	Подпись	Дата
Разработал	Специалист 1 категории ОМ	Джумагулов Т.Э.		22.11.2018

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-08 Қызметі үшінші тұлғаларға залал келтіру қаупімен байланысты объекті нелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	2019ж.«01» қаңтардағы №3 Басылым	14 беттің 2- беті
		2018ж.«14» шілдедегі №2 Басылымның орнына	

Мазмұны

1. Жалпы ережелер	3
2. Негізгі ұғымдар	3
3. Сақтандыру объектісі.....	4
4. Сақтандыру оқиғасы	4
5. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі	5
6. Сақтандыру сомасы.....	5
7. Сақтандыру сыйақысы.....	6
8. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны	7
9. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары	7
10. Тараптардың құқықтары мен міндеттері.....	7
11. Үшінші тұлғалардың құқықтары.....	10
12. Сақтандыру оқиғасының орын алғанын және залалдың мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі.....	10
13. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың тәртібі мен шарттары	11
14. Сақтандыру оқиғасын және сақтандыру төлемінің көлемін анықтау	11
15. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздері.....	13
16. Залал келтірген тұлғаға кері талап қою құқығы	13
17. Дауларды шешу тәртібі	14
20. Ерекше талаптар.....	14

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	Қызметі үшінші тұлғаларға залал келтіру қаупімен байланысты объекті иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	2019ж.«01» қаңтардағы №3 Басылым	14 беттің 3- беті
		2018ж.«14» шілдедегі №2 Басылымның орнына	

1. Жалпы ережелер

1.1. Қызметі үшінші тұлғаларға залал келтіру қаупімен байланысты объектіелерініңазаматтық-құқықтықжауапкершілігін міндетті сақтандырудың осы Ережесі (бұдан әрі - Ереже) ҚазақстанРеспубликасыныңАзаматтықКодексіне, «Сақтандыруқызметітуралы»ҚазақстанРеспубликасыныңЗаңына, «Қызметі үшінші тұлғаларға залал келтіру қаупімен байланысты объект иелерініңазаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» ҚазақстанРеспубликасыныңЗаңына (бұданәрі - Заң), сондай-ақҚазақстанРеспубликасыныңөзгеденормативтікқұқықтықактілерінесәйкесәзірленді.

1.2. ОсыЕреженің(бұдан әрі – Ереже) талаптарына сәйкесбұданәріСақтандырушыдепаталатын«СентрасИншуранс«СақтандыруКомпаниясы»Акционере рлікқоғамыбұдан әрі Сақтанушылар деп аталатын көрсетілген объект иелерімен Қызметі үшінші тұлғаларға залал келтіру қаупімен байланысты объектіелерініңазаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын (бұдан әрі – Шарт) жасау арқылықызметі үшінші тұлғаларға залал келтіру қаупімен байланысты объект иелерініңазаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды(бұдан әрі – объект иелерініңжауапкершілігін міндетті сақтандыру) жүзеге асырады.

1.3. Объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандырудың мақсаты қауіпті өндірістік факторлармен залал келтірілген үшінші тұлғалардың мүлiктік мүдделерін, өмірін, денсаулығын және (немесе) мүлкін сақтандыру төлемдерін жасау арқылы қорғаныспен қамтамасыз ету болып табылады.

1.4. Объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандырудың негізгі қағидаттары:

1.4.1. үшінші тұлғалардың мүлiктік мүдделерін осы Ережеде белгіленген көлем мен тәртіпте қорғаныспен қамтамасыз ету;

1.4.2. тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету.

2. Негізгі ұғымдар

2.1. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

2.1.1. Апат–қауіпті өндірістік объектіде қолданылатын ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) техникалық құрылғылардың қирауы, бақыланбайтын жарылыстар және (немесе) қауіпті заттардың бөлініп шығуы;

2.1.2. Инцидент - қауіпті өндірістік объектіде қолданылатын техникалық құрылғылардың бұзылуы немесе зақымдануы, технологиялық процессрежимінен ауытқу, Қазақстан Республикасының заңнамасының бұзылуы;

2.1.3. Қауіпті өндірістік фактор - қауіпті өндірістік объектілерде апат, инцидент кезінде пайда болатын, үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкінезалал келтіретін физикалыққұбылыс;

2.1.4. Қызметі үшінші тұлғаларға залал келтіру қаупімен байланысты объектінің иесі- қызметі үшінші тұлғаларға залал келтіру қаупімен байланысты объектін меншік құқығында, шаруашылық жүргізу құқығында немесе жедел басқару құқығында не кез келген басқа да заңды негізде иеленетін жеке және (немесе) заңды тұлға;

2.1.5. Қызметі үшінші тұлғаларға залал келтіру қаупімен байланысты объект иесінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі- Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген жеке және заңды тұлғалардың қауіпті өндірістік фактормен үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген залалды өтеу міндеті;

2.1.6. Пайда алушы - осы Ережеге жәнеЗаңға сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;

2.1.7. Сақтандыру оқиғасы– орын алған жағдайда Шарт сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға;

2.1.8. Сақтандыру омбудсманы - «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сақтандыру нарығына қатысушылар арасындағы келіспеушіліктерді реттеуді жүзеге асыратын өз қызметінде тәуелсіз жеке тұлға;

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	Кызметі үшінші тұлғаларға залал келтіру қауімен байланысты объекті иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	2019ж.«01» қаңтардағы №3 Басылым	14 беттің 4- беті
		2018ж.«14» шілдедегі №2 Басылымның орнына	

2.1.9. Сақтандыру сомасы –міндетті сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру оқиғасы орын алған кезде сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақшалай сома;

2.1.10. Сақтандыру сыйақысы - Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүргізуге міндеттемелер қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақшалай сома;

2.1.11. Сақтандыру төлемі -сақтандыру оқиғасы орын алған кезде Сақтандырушының Сақтанушыға(Пайда алушыға) сақтандыру сомасы шегінде төленетін ақшалай сома;

2.1.12. Сақтандырушы - сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және сақтандыру қызметімен айналысу құқығына лицензиясы бар, сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда Сақтанушыға немесе басқа тұлғаға (Пайда алушыға) Шартта белгіленген сома шегінде сақтандыру төлемін жасауға міндетті заңды тұлға;

2.1.13. Сақтандырылушы - өзіне қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға;

2.1.14. Сақтанушы- Сақтандырушымен сақтандыру шартын жасасқан тұлға. Шартта өзгеше көзделмесе, Сақтанушысонымен қатар Сақтандырылушы болып табылады;

2.1.15. Уәкілетті орган –азаматтық қорғаныс саласында мемлекеттік саясатты басқаруды, сала аралық үйлестіруді, әзірлеу мен іске асыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

2.1.16. Үшінші тұлға - қауіпті өндірістік фактормен өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне залал келтірілген тұлға.Қызметі үшінші тұлғаларға залал келтіру қауімен байланысты объект иелері мен қызметкерлері үшінші тұлға болып табылмайды.

3. Сақтандыру объектісі

3.1. Объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру объектісі қызметі үшінші тұлғаларға залал келтіру қауімен байланысты объект иесінің Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген қауіпті өндірістік фактормен үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген залалды өтеу міндетімен байланысты мүлдіктік мүддесі болып табылады.

3.2. Қызметі үшінші тұлғаларға залал үшінші тұлғаларға залал келтіру қауікелтіру қауімен байланысты объектілер ретіндеҚазақстан Республикасының «Азаматтық қорғаныс туралы» заңына сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздікті декларациялауға жататын объектілересептеледі.

3.3. Егер Шарттың қолданылу мерзімі ішінде объект үшінші тұлғаларға залал келтіру қауіпін төндірмейтін болса, онда СақтанушыҚазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі мемлекеттік бас инспекторына немесе оның міндетін атқаратын тұлғаға өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациясын есептен шығару туралы өтінішін және объектідегіөнеркәсіптік қауіпсіздік жағдайы туралы сараптамалық қорытындыны тапсырады. Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі мемлекеттік бас инспекторы немесе оның міндетін атқаратын тұлға сараптамалық қорытындыны қарау негізінде өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациясын есептен шығару туралы шешім қабылдайды немесе уәжделген бас тартуын білдіреді.

3.4. Өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациясын есептен шығаруСақтанушыға Шартты мерзімінен бұрын тоқтатуға құқық береді. Бұл ретте Сақтандырушы сақтандыру сыйақысының сақтандыру шарты қолданылған мерзімге пропорционал көлеміндегі бөлігіне құқылы.

4. Сақтандыру оқиғасы

4.1. Шарт бойынша сақтандыру оқиғасы ретінде Сақтанушының (Сақтандырылушының) қауіпті өндірістік фактормен Үшінші тұлғаның өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне залал келтіруі бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің орын алу дерегі танылады.

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	Кызметі үшінші тұлғаларға залал келтіру қаупімен байланысты объекті иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	2019ж.«01» қаңтардағы №3 Басылым	14 беттің 5- беті
		2018ж.«14» шілдедегі №2 Басылымның орнына	

5. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі

5.1. Объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыруосы Ережеге және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сақтанушы мен Сақтандырушы арасындаүшінші тұлғалардың пайдасына жасалатын Шарттың негізіндежүзеге асырылады.

Қызметі үшінші тұлғаларға залал келтіру қаупімен байланысты объект иелері біреуден артық болған жағдайда, Шарт олардың кез келгенімен жасалады және Сақтандыру полисінде объектінің барлық иелері сақтандырылушылар ретінде міндетті түрде көрсетіледі.

5.2. Үшінші тұлғаның өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне қауіпті өндірістік фактормен залал келтіруі салдарынан пайда болған жағдайлар бойынша моральдық шығын, айрылған пайда және айыпақы төлеуден басқа Шартта сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделеді.

5.3. Шарт тек міндетті сақтандырудың осы түрі (класы) бойынша қызметпен айналысу құқығына лицензиясы бар Сақтандырушымен ғана жасалуы тиіс.

5.4. Сақтанушының Сақтандырушыны таңдау еркі өзінде.

5.5. Шарт бойынша Сақтанушы сақтандыру сыйақысын төлеуге міндеттенеді, ал Сақтандырушы сақтандыру оқиғасы орын алған кезде Сақтанушыға (Пайда алушыға) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Ережеде және шартта көзделген мөлшерде, тәртіппен және мерзімде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді.

5.6. Объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты Сақтандырушының сақтандыру полисін электрондық нысанда ресімдеуі арқылы жасалады.

5.7. Объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу үшін өтінішэлектрондық нысанда берілген кезде, сақтанушыдан мамандандырылған бағдарламалық жасақтаманы пайдалану талап етілмейді.

5.8. Сақтанушының өтініші шарт жасасу үшін негіз болып табылады. Өтініш мазмұнына қойылатын талаптар және өтініште көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттар көшірмелерінің тізбесі уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

5.9. Объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында көрсетілуі тиіс талаптардың толық болмауы үшін жауапкершілікті сақтандырушы атқарады. Объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша жекелеген талаптарының болық болмауы салдарынан дау пайда болған жағдайда, дау Сақтанушының пайдасына шешіледі.

5.10. Объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартысақтанушының қалауы бойынша сақтандырушыға жазбаша өтініш беру не сақтанушы мен сақтандырушы арасында сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, электрондық нысанда ақпарат алмасу жолымен жасалуы мүмкін.

5.11. Сақтандыру полисінде Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 826-бабында көрсетілген талаптардан басқа, Сақтандырушының бір сақтандыру оқиғасы бойынша жауапкершілігінің шекті көлемінің мөлшері көрсетілуі тиіс.

5.12. Объект иелерініңжауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру полисінің мазмұны мен ресімделуі бойынша талаптар Қазақстан Республикасының Сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасымен белгіленеді.

5.13. Егер Сақтандырушы Заңмен көзделгенмен салыстырғанда Сақтанушының (Сақтандырылушының) немесе Үшінші тұлғаның жағдайын нашарлататын талаптарда шарт жасаса, онда сақтандыру оқиғасыорын алған кезде Сақтандырушы Сақтанушы (Сақтандырылушы) мен Үшінші тұлғаның алдында осы Заңда белгіленген талаптарға сәйкес міндет атқарады.

6. Сақтандыру сомасы.

6.1. Шарт бойынша сақтандыру сомасы тиісті қаржылық жылға арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген АЕК көлемінде болады.:

6.1.1. 600 мың–егер қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің нәтижесінде зардап шеккендердің ең жоғары мүмкін саны *төрт мың адам*насатын болса;

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	Кызметі үшінші тұлғаларға залал келтіру қаупімен байланысты объекті нелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	2019ж.«01» қаңтардағы №3 Басылым	14 беттің 6- беті
		2018ж.«14» шілдедегі №2 Басылымның орнына	

6.1.2. 350 мың - егер қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің нәтижесінде зардап шеккендердің ең жоғары мүмкін саны *екі мың адам*насатын болса, бірақ *төрт мың адам*наспаса;

6.1.3. 225 мың - егер қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің нәтижесінде зардап шеккендердің ең жоғары мүмкін саны *бір жарым мың адам*насатын болса, бірақ *екі мың адам*наспаса;

6.1.4. 115 мың - егер қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің нәтижесінде зардап шеккендердің ең жоғары мүмкін саны *жеті жүз елу адам*насатын болса, бірақ *бір жарым мың адам*наспаса;

6.1.5. 50 мың - егер қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің нәтижесінде зардап шеккендердің ең жоғары мүмкін саны *үш жүз адам*насатын болса, бірақ *жеті жүз елу адам*наспаса;

6.1.6. 30 мың - егер қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің нәтижесінде зардап шеккендердің ең жоғары мүмкін саны *жүз елу адам*насатын болса, бірақ *үш жүз адам*наспаса;

6.1.7. 12 мың - егер қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің нәтижесінде зардап шеккендердің ең жоғары мүмкін саны *жетпіс бес адам*насатын болса, бірақ *жүз елу адам*наспаса;

6.1.8. 5 мың - егер қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің нәтижесінде зардап шеккендердің ең жоғары мүмкін саны *он адам*насатын болса, бірақ *жетпіс бес адам*наспаса;

6.1.9. 1 мың—декларацияланатын өзге қауіпті өндірістер үшін, егер қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің нәтижесінде зардап шеккендердің ең жоғары мүмкін саны *он адам*наспайтын болса.

7. Сақтандыру сыйақысы

7.1. Шарт бойынша сақтандыру сыйақысының көлемі тараптардың келісімі бойынша қызметі үшінші тұлғаларға залал келтіру қаупімен байланысты объектінің қауіптілік деңгейіне қарай сақтандыру сомасының көлемінен **0,72 пайыздан 2,02 пайызға** дейінгі шектерде белгіленеді.

7.2. Нақты объектіге арналған сақтандыру тарифінің шамасы уәкілетті орган жыл сайын белгілейтін объектінің жалпы қауіптілік деңгейіне байланысты белгіленеді.

7.3. Сақтандыру сыйақысының көлемі Шартта көрсетілген сақтандыру тарифін, объектінің өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган белгілеген жалпы қауіптілік деңгейін ескере отырып белгіленеді.

7.4. Декларациялануға және сақтандырылуға тиіс қауіпті өндірістік объектілері бар ұйымдардың жыл сайынғы жалпы қауіптілік деңгейі туралы ақпарат уәкілетті органның Интернет-ресурсында орналастырылады немесереспубликалық мерзімді баспасөзде қазақ және орыс тілдерінде жарияланады.

7.5. Объектінің жалпы қауіптілік деңгейі бір күйде сақталған немесе төмендеген жағдайда, сақтандыру сыйақысы осы бөлімге сәйкес белгіленген сақтандыру тарифі бойынша төленеді.

7.6. Объектінің жалпы қауіптілік деңгейі орташа салалық көрсеткіштермен салыстырғанда ұлғайған жағдайда, сақтандыру тарифіне объектінің жалпы қауіптілік деңгейінің 1 (Бір) ұлғау пайызына 10 (Он) пайыз көлемінде көбейту коэффициенті қолданылады.

7.7. Көбейту коэффициенті ескерілген сақтандыру тарифінің шамасы осы бөлімнің 7.1-тармағында белгіленген сақтандыру тарифінің көлемінен аспауы тиіс.

7.8. Сақтандыру сыйақылары Шарт жасалған сәттен бастап **10 (Он) күн** аралығында бір жолғы төлеммен төленеді.

7.9. Шарт қандай да негіздерде өзгертілген жағдайда, қайтадан есептелген және бұрын төленген сақтандыру сыйақылардың арасындағы айырма **15 (Он бес) күн** ішінде қосымша төленуі (қайтарылуы) тиіс.

7.10. Шартта Сақтанушының сақтандыру сыйақысын Шартта белгіленген тәртіпке сәйкес сақтандыру жарналарын салу арқылы бөліп төлеу құқығы қарастырылуы мүмкін.

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-08 Қызметі үшінші тұлғаларға залал келтіру қаупімен байланысты объекті иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	2019ж.«01» қаңтардағы №3 Басылым	14 беттің 7- беті
		2018ж.«14» шілдедегі №2 Басылымның орнына	

7.11. Сақтандырушы өзінің интернет-ресурсы арқылы сақтандыру сыйақысын қолма-қол ақшасыз тәсілмен төлеу мүмкіндігін ұсынады.

8. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны

8.1. Егер Шарттың талаптарында өзгеше көзделмеген болса, Шарт Сақтанушы алғашқы сақтандыру жарнасын төленген сәттен бастап күшіне енеді және талаптар үшін міндетті болып саналады.

8.2. Шарт күшіне енген күннен бастап **12 (Он екі) айға** дейінгі мерзімге жасалады.

8.3. Объектінің иесі өз қызметін **12 (Он екі) айдан** кем мерзім ішінде жүзеге асырып келген жағдайда, Шарт қызмет жүзеге асырылған мерзімге, бірақ кемінде **6 (Алты) айға** жасалады.

8.4. Сақтандыру қорғанысының қолданылу мерзімі Шарттың қолданылу мерзіміне сәйкес.

8.5. Егер Шартта өзгеше көзделмесе, Шарттың қолданылуы Қазақстан Республикасының аумағымен шектеледі.

9. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары

9.1. Шарт келесі жағдайларда тоқтатылды деп есептеледі:

9.1.1. Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанда;

9.1.2. шартты мерзімінен бұрын тоқтатқанда;

9.1.3. Сақтандырушының сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) Шарттың талаптарымен белгіленген сақтандыру сомасы көлемінде жүзеге асыруы.

9.2. Шартты мерзімінен бұрын бұзу тәртібі, талаптары мен салдары Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес белгіленеді.

10. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

10.1. Сақтанушы құқылы:

10.1.1. Сақтандырушыдан объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының талаптарын, өзінің шарт бойынша құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;

10.1.2. сақтандыру тәуекелін бағалау үшін тәуелсіз сарапшыны қатыстыруға;

10.1.3. сақтандырушы және (немесе) тәуелсіз сарапшы жүргізген келтірілген залалдың мөлшерін бағалау және сақтандыру төлемінің көлемін есептеу нәтижелерімен танысуға;

10.1.4. шартты мерзімінен бұрын тоқтатуға;

10.1.5. осы Ереженің 18-бөлімінде көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, Сақтандырушыға не сақтандыру омбудсманына немесе объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін сотқа жүгінуге.

10.1.6. өтінішті және қоса берілген құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі арқылы жіберу);

10.1.7. қызметі үшінші тұлғаларға залал келтіру қаупімен байланысты объектіде сақтандыру тәуекелінің төмендеуіне алып келуі мүмкін жағдаяттар (сақтандыру оқиғасының орын алу ықтималдығы немесе орын алған жағдайда мүмкін болатын залал көлемі) өзгерген жағдайда, Шарт талаптарын өзгертуді талап етуге;

10.1.8. осы Ережеде көзделген жағдайлар мен тәртіпте сақтандыру төлемін алуға.

10.2. Сақтанушы міндетті:

10.2.1. Шартта белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру сыйақысын төлеуге;

1) Шарт жасалған күннен бастап **10 (Он) күнтізбелік күні** ішінде уәкілетті органға бұл туралы хабарлауға;

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	Кызметі үшінші тұлғаларға залал келтіру қаупімен байланысты объекті иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	2019ж.«01» қаңтардағы №3 Басылым	14 беттің 8- беті
		2018ж.«14» шілдедегі №2 Басылымның орнына	

10.2.2. Шарт жасасқан кезде Сақтандырушыға Объект иелерінің жауапкершілігін міндетті және ерікті сақтандырудың бұрынғы шарттары, сақтандыру оқиғалары, сақтандыру төлемдері туралы ақпаратты, Шартқа енгізу үшін қажетті мәліметтерді растайтын құжаттарды және осы Ережеге сәйкес өтініште көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттардыжәне Шарт жасау үшін қажетті өзге де мәліметтерді ұсынуға.

10.2.3. 3 (Үш)жұмыс күнішінде Сақтандырушыға және уәкілетті мемлекеттік органдарға, олардың құзыретіне қарай,жағдаяттың өзгеруі туралы, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әсер етуі мүмкін болса хабарлауға;

10.2.4. Сақтандырушыға және мемлекеттік органдарға олардың құзыретіне қарай қызметі үшінші тұлғаларға залал келтіру қаупімен байланысты объектіде сақтандыру тәуекелін айтарлықтай арттыруы мүмкін жетілдіру және (немесе) қайта бейіндеу бойынша шаралардың жоспарлануы туралы хабарлауға;

10.2.5. қауіпті өндірістік факторлардың үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиянды әсерінің алдын алу бойынша қажетті және мүмкін шараларды қолдануға;

10.2.6. сақтандыру оқиғасыныңорын алғаны туралы өзіне белгілі болған күннен бастап **3 (үш) жұмыс күнінен** кешіктірмей бұл туралы Сақтандырушыға хабарлауға;

10.2.7. қауіпті өндірістік факторлардың үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиянды әсері орын алған жағдайда, ықтимал залалды азайту немесе алдын алу, сондай-ақ зардап шеккен тұлғалардың мүлкін сақтау және оларға көмек көрсету бойынша қалыптасқан жағдайда қисынды әрі қолжетімді шаралар қолдануға;

10.2.8. Сақтандырушының өкіліне қызметі үшінші тұлғаларға залал келтіру қаупімен байланысты объектідегі апаттар мен инциденттердің пайда болу себептері мен басқа да жағдайын өз бетімен тергеуге мүмкіндік берілуін қамтамасыз етуге;

10.2.9. Сақтандырушының өкілі тексермей тұрып, зақымдалған мүлік пен зақымдану аймақтарының сақтандыру оқиғасы орын алғаннан кейінгі қалпында сақталуын қамтамасыз ету үшін барлық мүмкін шараларды қолдануға (егер бұл қауіпсіздік мүддесіне қайшы келмесе және залал көлеміне әсер етпесе);

10.2.10. сақтандыру оқиғасының себебі, барысы мен салдары, сондай-ақ келтірілген залалдың сипаты мен көлемі туралы пайымдауға мүмкіндік беретін қолда бар бүкіл ақпарат пен құжаттарды (қажет болса–жазбаша түрде) Сақтандырушыға ұсынуға;

10.2.11. қауіпті өндірістік фактордыңәсерінен үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген залалды өтеу туралы үшінші тұлғаның талап қойғанын немесе талап-арыз жазғанын білген бойда**3 (Үш) жұмыс күнішінде**бұл туралы Сақтандырушыға қолжетімді тәсілмен хабарлауға;

10.2.12. залал келтіргені үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге.

10.3. Сақтандырушы құқылы:

10.3.1. Шарт жасасу барысында Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген мәліметтерден басқа, Сақтанушыдан (Сақтандырылушыдан) осы Ережеге сәйкес Шартжасау үшін қажетті мәліметтерді, соның ішінде алдыңғы шарттар, сақтандыру жағдайлары және сақтандыру төлемдері туралы ақпаратты ұсынуды талап етуге;

10.3.2. сақтандыру тәуекелін бағалау үшін тәуелсіз сарапшыны қатыстыруға;

10.3.3. тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан олардың құзыретіне қарай сақтандыру оқиғасының орын алу дерегін және Үшінші тұлғаларға келтірілген залалдың мөлшерін растайтын құжаттарды сұратуға;

10.3.4. үшінші тұлғалардың зақымдалған мүлкі мен зақымдану аймағын тексеруге қатысуға және тексеру актілеріне қол қоюға;

10.3.5. қызметі үшінші тұлғаларға залал келтіру қаупімен байланысты объектіде сақтандыру тәуекелінің төмендеуіне алып келуі мүмкін жағдаяттар (сақтандыру оқиғасының орын алу ықтималдығы немесе орын алған жағдайда мүмкін болатын залал көлемі) өзгерген жағдайда, Шарт талаптарын өзгертуді талап етуге);

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	Кызметі үшінші тұлғаларға залал келтіру қаупімен байланысты объекті иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	2019ж.«01» қаңтардағы №3 Басылым	14 беттің 9- беті
		2018ж.«14» шілдедегі №2 Басылымның орнына	

10.3.6. келтірілген залалды өтеумен байланысты қатынастарда Сақтанушының (Сақтандырылушының) атынан және тапсырмасы бойынша әрекет етуге;

10.3.7. Сақтанушының (Сақтандырылушының) тапсырмасы бойынша Пайда алушының қойған талап-арыздарына қатысты сотта олардың атынан іс жүргізуді өзіне қабылдауға. Дегенмен Сақтандырушының бұл әрекеттері оның сақтандыру төлемін орындау бойынша міндетін мойындауы ретінде бағаланбауы керек;

10.3.8. залал келтіргені үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығын беруге.

10.4. Сақтандырушы міндетті:

10.4.1. Сақтанушыны (Сақтандырылушыны) объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру талаптарымен, соның ішінде объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттерімен таныстыруға.

10.4.2. Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) сақтандыру полисін ресімдеуге;

10.4.3. сақтандыру оқиғасы орын алған кезде осы Ережеде белгіленген тәртіппен мерзімдерде сақтандыру төлемін жүргізуге;

10.4.4. сақтандыру оқиғасының орын алудерегін және Сақтандырушы өтеуге тиіс залалдың мөлшерін растайтын құжаттар жеткіліксіз болған кезде, оларды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жетіспейтін және (немесе) дұрыс ресімделмеген құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып, өтініш берушіге бұл туралы хабарлауға міндетті;

10.4.5. сақтандыру төлемін орындаудан бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда, Сақтанушыға (Пайда алушыға) бас тарту себебінің уәжделген негіздемесін жазбаша түрде жолдауға;

10.4.6. сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге.

10.4.7. Сақтанушыдан (Үшінші тұлғадан, Пайда алушыдан) өтініш алған кезде сақтанушының (Үшінші тұлғаның, Пайда алушының) талаптарын қарау және дауды реттеудің одан әрі тәртібін көрсете отырып, бес жұмыс күні ішінде жазбаша жауап беруге;

10.4.8. Сақтанушыдан (Үшінші тұлғадан, Пайда алушыдан) сақтандыру омбудсманына жіберілетін өтінішті алған кезде осы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қайта жіберуге;

10.5. Шартта тараптардың Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін басқа да құқықтары мен міндеттері көзделуі мүмкін.

10.6. Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандырушы қамтамасыз етуге міндетті:

10.6.1. объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасу немесе оны жасасудан бас тарту туралы хабарламаны (бас тарту себептерін көрсете отырып) электрондық хабарлама түрінде сақтанушыға дереу жіберу;

10.6.2. сақтанушының деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның ақпараттық жүйесі арқылы объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша ақпаратты тексеру мүмкіндігі;

10.6.3. Сақтанушы үшін Сақтандырушының интернет-ресурсына тәулік бойы қол жеткізуді қамтамасыз ете отырып, объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын электрондық нысанда сақтау;

10.6.4. Сақтанушыға (Сақтандырылушыға, Пайда алушыға) келелесілерге қажетті ақпаратты электрондық нысанда (өтініштер, хабарламалар және (немесе) өзге де құжаттар, мәліметтер) жасау және жіберу мүмкіндігі:

10.6.4.1. объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының мәліметтерін өзгерту, қайта ресімдеу;

10.6.4.2. объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтату;

10.6.4.3. сақтандыру оқиғасының орын алғаны туралы хабарлама;

10.6.4.4. келтірілген залалдың мөлшеріне бағалау жүргізу;

10.6.4.5. сақтандыру төлемін алу.

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	Кызметі үшінші тұлғаларға залал келтіру қаупімен байланысты объекті иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	2019ж.«01» қаңтардағы №3 Басылым	14 беттің 10- беті
		2018ж.«14» шілдедегі №2 Басылымның орнына	

10.7. Объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып жасалған жағдайда, егер объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартында басқаша көзделмесе, Сақтанушы сақтандыру сыйақысын (сақтандыру сыйақысын бөліп төлеген жағдайда бірінші сақтандыру жарнасын) төлеген күннен бастап Сақтанушының осы сақтандыру шарты Сақтандырушы ұсынған талаптарда жасалған болып есептеледі.

10.8. Объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасау барысында сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып жасалған жағдайда, сақтанушы осы Заңмен көзделген сақтандыру талаптарымен танысқаннан кейін, сол арқылы оған ұсынылған талаптарда осы қосылу шартын жасасуға өзінің келісімін растай отырып, сақтандыру сыйақысын (сақтандыру сыйақысын бөліп төлеген жағдайда - бірінші сақтандыру жарнасын) төлейді.

11. Үшінші тұлғалардың құқықтары

11.1. Үшінші тұлғалар құқылы:

11.1.1. Сақтандырушыға қауіпті өндірістік факторлардың өздерінің өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиянды әсерінің нәтижесінде болған сақтандыру оқиғасының орын алғандығы туралы хабарлауға;

11.1.2. Сақтанушының (Сақтандырылушының) орнына сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды жинауды жүргізуге және оларды Сақтандырушыға ұсынуға;

11.1.3. келтірілген залал көлемін бағалау үшін тәуелсіз сарапшының қызметін пайдалануға;

11.1.4. келтірілген залал көлемін бағалау нәтижелерімен және сақтандыру төлемі көлемінің есептеулерімен танысуға;

11.1.5. осы Ережеде белгіленген мөлшерде, тәртіп пен мерзімде сақтандыру төлемін алуға;

11.1.6. осы Ереженің 18-бөлімінде көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандырушыға немесе сақтандыру омбудсманына не объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін сотқа жүгінуге;

11.1.7. өтінішті және қоса берілген құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, соның ішінде оның интернет-ресурсын пайдаланып, немесе сақтандырушы, оның филиалы, өкілдігі арқылы) жіберуге;

11.1.8. Сақтанушыға келтірілген залал сомасының алынған сақтандыру төлемінің сомасынан асып түсуі мөлшерінде келтірілген залалды өтеу туралы талап қоюға.

11.2. Заңда көзделген жағдайларда, осы бөлімнің 11.1-тармағында белгіленген Үшінші тұлғалардың құқықтары өзге тұлғаларға (Пайда алушыларға) өтеді.

12. Сақтандыру оқиғасының орын алғанын және залалдың мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі

12.1. Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талап Сақтанушы (Сақтандырылушы) немесе Пайда алушы болып табылатын өзге тұлғамен келесі құжаттарды көрсете отырып, жазбаша нысанда ұсынылады:

12.1.1. Сақтанушы тарапынан мойындалған Пайда алушының залалды өтеу туралы талабы, бұған қоса берілетін келтірілген залал мен оның көлемін растайтын құжаттар немесе қауіпті өндірістік фактормен үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген залалды өтеу туралы заңды күшіне енген сот шешімі;

12.1.2. залалдың алдын алу немесе көлемін азайту бойынша шара қолданумен байланысты шығындарды растайтын құжаттар (болған жағдайда).

12.1.3. Өтініш берушінің қалауы бойынша сақтандыру төлемі туралы талап электрондық көшірмелер немесе электрондық құжаттар түрінде сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып, электрондық нысанда жіберілуі мүмкін. Бұл ретте, электрондық нысандағы сақтандыру төлемі туралы талап өтініш берушіні Сақтандырушыға оның тұрғылықты жері бойынша құжаттардың түпнұсқасын ұсынудан босатпайды.

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	Кызметі үшінші тұлғаларға залал келтіру қаупімен байланысты объекті нелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	СЕ-08	2019ж.«01» қаңтардағы №3 Басылым	14 беттің 11- беті
			2018ж.«14» шілдедегі №2 Басылымның орнына	

12.2. Құжаттарды қабылдаған Сақтандырушы өтініш берушіге ұсынған құжаттардың толық тізбесін және қабылданған күнін көрсете отырып, анықтама беруге міндетті.

12.3. Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) сақтандыру төлемі туралы өтінішті электрондық тәсілмен жіберген жағдайда Сақтандырушы оған осы анықтаманы электрондық нысанда ұсына алады.

12.4. «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтандырушының Сақтанушыдан (Сақтандырылушыдан) не Зардап шегушіден басқа да құжаттарды қосымша талап етуіне жол берілмейді.

13. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудың тәртібі мен шарттары

13.1. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде Сақтандырушының Сақтанушыдан (Сақтандырылушыдан) немесе Пайда алушы болып табылатын басқа тұлғадан оның Сақтандырушыға талап ету құқығын шектейтін талаптарды қабылдауды талап етуге құқығы жоқ.

13.2. Пайда алушы болып үшінші тұлға (ол қайтыс болған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның өліміне байланысты залалды өтетуге құқылы тұлға) немесе осы Ережемен белгіленген Сақтандырушы жауапкершілігінің шегінде үшінші тұлғаға (залалды өтетуге құқылы тұлғаға) келтірілген залалды өтеген және сақтандыру төлеміне құқығы бар басқа тұлға саналады.

13.3. Сақтандырушы сақтандыру төлемін осы Ереженің 12-бөлімінің 12.1-тармағында көзделген құжаттарды алған күннен бастап **30 (отыз) күннен** кешіктірмей жасайды.

13.4. Сақтандыру төлемі уақтылы жүзеге асырылмаған жағдайда, Сақтандырушы Пайда алушыға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіп пен көлемде айыпақы төлеуге міндетті.

13.5. Сақтандырушымен немесе сот шешімімен сақтандыру оқиғасы деп танылған қауіпті өндірістік факторлардың үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген залалды өтеу туралы өтініш келіп түсу тәртібіне сәйкес, ал бірнеше өтініш қатар келіп түскен жағдайда, келесі кезекпен қанағаттандырылады:

13.5.1. бірінші кезекте жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығына келтірілген залалды өтеу туралы талаптар қанағаттандырылады;

13.5.2. екінші кезекте жеке тұлғалардың мүлкіне келтірілген залал өтеледі;

13.5.3. үшінші кезекте заңды тұлғалардың мүлкіне келтірілген залал өтеледі.

14. Сақтандыру оқиғасын және сақтандыру төлемінің көлемін анықтау

14.1. Сақтандыру төлемінің көлемін Сақтандырушы немесе тәуелсіз сарапшы апат, инцидент себептерін тергеу актісінің, сот шешімдерінің және келтірілген залал көлемі туралы деректерді қамтитын басқа да материалдардың негізінде анықтайды.

14.2. Әрбір үшінші тұлғаның өмірі мен денсаулығына келтірілген залал үшін сақтандыру төлемінің көлемі осы Ережеге сәйкес тиісті қаржылық жылға арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген АЕК көлемінде белгіленеді және төмендегідей мәндерді құрайды:

14.2.1. өлім жағдайында - 1 000;

14.2.2. мүгедектік тағайындалғанда:

1) I топ - 800;

2) II топ - 600;

3) III топ - 500;

4) «мүгедек бала» - 500;

5) мүгедектік тағайындалмай мертігу, жарақаттану немесе денсаулығының өзге де зақымдануы - амбулаторлық және (немесе) стационарлық емдеуге арналған нақты шығыстар мөлшерінде, бірақ 300-ден аспайтын. Бұл ретте әрбір стационарлық емдеу күні үшін сақтандыру төлемінің көлемі кем дегенде 2АЕК-ті құруы керек.

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-08 Қызметі үшінші тұлғаларға залал келтіру қаупімен байланысты объекті нелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	2019ж.«01» қаңтардағы №3 Басылым	14 беттің 12- беті
		2018ж.«14» шілдедегі №2 Басылымның орнына	

14.3. Мүліктің зақымдануы барысында келтірілген залалдың көлемі мүліктің сақтандыру оқиғасы орын алған сәттегі тозуын ескере отырып, оны қалпына келтіру құнын есептеу негізінде анықталады.

Мүлікті қалпына келтіру құны сақтандыру оқиғасы орын алған сәтте қолданыста болған орташа нарықтық бағалар мен тарифтердің негізінде анықталады.

Мүлікті жою барысында келтірілген залал көлемі сақтандыру оқиғасы орын алған күнгі тозуы ескерілген мүліктің шынайы құны негізінде анықталады.

Мүлікті қалпына келтіру техникалық тұрғыдан мүмкін емес немесе экономикалық тұрғыдан негізсіз болса, мүлік жойылған болып есептеледі. Күтілетін шығын (қалпына келтіру құны) сақтандыру оқиғасы орын алған күнгі амортизациясы ескерілген мүліктің шынайы құнынан **80 (Сексен) пайызға** артық болса, мүлікті қалпына келтіру экономикалық тұрғыдан негізсіз болып есептеледі.

14.4. Сақтанушының (Сақтандырылушының) немесе Пайда алушы болып табылатын басқа тұлғаның арызы бойынша сақтандыру оқиғасының орын алуы нәтижесінде әрбір үшінші тұлғаның мүлкіне келтірілген залал көлемін Сақтандырушы анықтайды. Келтірілген залал көлемін бағалауды қажет болған жағдайда тәуелсіз сарапшы өткізуі мүмкін. Келтірілген залалды бағалау нәтижесімен келіспеген тараптар өз ойларын дәлелдеуге құқылы.

14.5. Сақтандыру төлемі үшінші тұлғаға келтірілген залал (нақты шығын) көлемінен аспауы керек.

Әрбір үшінші тұлғаның өмірі мен денсаулығына келтірілген залал үшін сақтандыру төлемі осы бөлімнің 14.2-тарауында белгіленген көлемде жүзеге асырылады.

14.6. Сақтандырушы келтірілген залал көлемін анықтау мақсатында қосымша тергеу өткізуге құқылы. Осы орайда ол апатты, инцидентті техникалық тергеу материалдарын, мемлекеттік органдардың залал келтіруге қатысты құжаттарын, медициналық құжаттарды, жойылған (зақымдалған, мертіккен) мүліктің құны, өндірілген жұмыс, жұмсалған шығын көлемі туралы пайымдауға мүмкіндік беретін шоттарды, сондай-ақ өзге де қажетті құжаттарды сұратуға құқылы. Сақтандыру төлемдері Шартта белгіленген сақтандыру сомасы шегінде жүзеге асырылады.

14.7. Үшінші тұлғаларға келтірілген залал көлемін толық өтеу үшін сақтандыру сомасы жеткіліксіз болған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру төлемін Шартта белгіленген сақтандыру сомасы шегінде, осы Ереженің 13-бөлімінің 13.5-тарауында көзделген тәртіпте жүзеге асырады. Бұл ретте Пайда алушы келтірілген залалды оның сомасының алынған сақтандыру төлемінің сомасынан артылған көлемінде өтеу туралы талабын тікелей Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) қоюға құқылы.

14.8. Объект иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі бірнеше Сақтандырушыда сақтандырылған жағдайда, әрбір Сақтандырушы Сақтанушы алдында онымен жасалған Шарт шегінде жауапкершілік атқарады, бірақ Сақтанушының (Пайда алушының) барлық Сақтандырушылардан алған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты залал сомасынан артық бола алмайды.

Бұл ретте Сақтанушы кез келген Сақтандырушыдан өзімен жасалған Шартта көзделген сақтандыру сомасының көлемінде сақтандыру төлемін алуға құқылы. Алынған сақтандыру төлемі нақты залалды өтемеген жағдайда Сақтанушы жетіспейтін соманы басқа Сақтандырушыдан алуға құқылы.

Келтірілген залал басқа Сақтандырушылармен өтелгендігі салдарынан сақтандыру төлемін жасаудан толығымен немесе ішінара босатылған Сақтандырушы жұмсалған шығындарды шегере отырып, Сақтанушыға сақтандыру сыйақысының тиісті бөлігін қайтарып беруге міндетті.

14.9. Келтірілген залал басқа тұлғалармен өтелген жағдайларда, Сақтандырушы тек Шарт бойынша сақтандыру төлемінің сомасы мен басқа тұлғалар өтейтін сома арасындағы айырманы ғана төлейді. Сақтанушы Сақтандырушыға үшінші тұлғаларға келтірілген залалды өтеу ретінде басқа тұлғалардың өзіне белгілі болған төлемдері туралы хабарлауға міндетті.

14.10. Сақтанушының шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарын, егер мұндай шығыстар қажет болса және (немесе) Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін жүргізілген болса, тіпті егер тиісті шаралар табыссыз болса да, Сақтандырушы оларды өтеуге тиіс.

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	Кызметі үшінші тұлғаларға залал келтіру қаупімен байланысты объекті нелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	СЕ-08	2019ж.«01» қаңтардағы №3 Басылым	14 беттің 13- беті
			2018ж.«14» шілдедегі №2 Басылымның орнына	

Көрсетілген шығындарды Сақтандырушы тиісті шығындар туралы актіні алған күннен бастап **30 (Отыз)күні**шінде, бірақ сақтандыру төлемі жасалғаннан кейін өтейді.

Мұндай шығыстар нақты мөлшерде өтеледі, бұл ретте сақтандыру төлемінің және шығыстар өтемақысының жалпы сомасы Шартта белгіленген сақтандыру сомасынан аспауы тиіс. Егер шығындарСақтанушы тарапынан Сақтандырушының нұсқауларын орындауы нәтижесінде туындаса, олар сақтандыру сомасына қатыссыз толық мөлшерде өтеледі.

14.11. Зардап шегуші қайтыс болған жағдайда, оның мұрагерлері болмай, зардап шегушіні жерлеуді жүзеге асырған тұлғаға Сақтандырушы жерлеуге арналған қажетті шығындарды нақты шығындар көлемінде, бірақ Шартта көзделген сақтандыру сомасы шегінде өтейді.

15. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздері

15.1. Сақтандырушы сақтандыру оқиғасы төмендегідей жағдайлардың салдарынан болса, сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы:

15.1.1. Пайда алушының қажетті қорғаныс немесе төтенше қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерінен басқа сақтандыру оқиғасының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;

15.1.2. Пайда алушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру оқиғасымен себептік байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттері.

15.2. Егер сақтандыру оқиғасы төмендегідей жағдайлардың салдарынан орын алған болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады:

15.2.1. әскери іс-қимылдар;

15.2.2. азаматтық соғыс, әр түрлі халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер.

15.3. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына мыналар негіз бола алады:

15.3.1. Шартта көзделген сақтандыру сомасынан артық залалды өтеу туралы кез келген талаптар;

15.3.2. Сақтанушының (Сақтандырылушының) және (немесе) Пайда алушы болып табылатын басқа тұлғаның залал келтіруге кінәлі тұлғадан залалдың тиісті өтемін алуы;

15.3.3. сақтандыру оқиғасының орын алғандығы туралы Сақтандырушыға хабарламау.

15.4. Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы шешімді Сақтандырушы **30 (Отыз) күн** ішінде Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) және (немесе) Пайда алушыға бас тарту себептерін дәлелді негіздей отырып, жазбаша түрдехабарлайды.

15.5. Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына Сақтанушы (Сақтандырылушы) және (немесе) Пайда алушы сотқа жүгініп, қарсылық білдіруге құқылы.

16. Залал келтірген тұлғаға кері талап қою құқығы

16.1. Сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушының Сақтанушыға төленген сома шегінде қайта талап етуге құқығы бар, егер:

16.1.1. Сақтанушының (Сақтандырылушының) сақтандыру оқиғасының туындауына бағытталған немесе оның орын алуына септігін тигізетін қасақана іс-әрекеттері;

16.1.2. Сақтанушының(Сақтандырылушының) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген тәртіпте сақтандыру оқиғасымен себепті байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқықтық бұзушылық ретінде танылған іс-әрекетті орындауы;

16.1.3. Сақтанушының (Сақтандырылушының) залал көлемін азайту бойынша қисынды және қолжетімді шараларды қасақана қолданбауы нәтижесінде залал көлемінің ұлғаюы;

16.1.4. Сақтанушының (Сақтандырылушының) Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру оқиғасы және оның салдары туралы біле тұра жалған мәлімет беруі;

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-08 Қызметі үшінші тұлғаларға залал келтіру қаупімен байланысты объекті иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	2019ж.«01» қаңтардағы №3 Басылым	14 беттің 14- беті
		2018ж.«14» шілдедегі №2 Басылымның орнына	

16.1.5. Сақтанушының (Сақтандырылушының) сақтандыру оқиғасының орын алғандығы үшін жауапты тұлғаға талап қою құқығынан бас тартуы, сондай-ақ талап қою құқығын аудару үшін қажетті құжаттарды Сақтандырушыға табыстаудан бас тартуы.

16.2. Сақтанушының (Сақтандырылушының) Шарт бойынша Сақтандырушы өтеген залал үшін жауапты тұлғаға талап қою құқығы төленген сома шегінде сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушыға көшеді.

16.3. Шарт бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырған Сақтандырушы, қасақана іс-әрекет жасалған жағдайларды қоспағанда, өзінің қызметтік, лауазымдық немесе басқа да еңбек міндеттерін бұзуы қауіпті өндірістік фактордың пайда болу себебіне айналған қызметкерлерге кері талап қоюға құқығы жоқ.

17. Дауларды шешу тәртібі

17.1. Шарттан туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаралады.

18.Қызметі үшінші тұлғаларға залал келтіру қаупімен байланысты объект иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру жөніндегі дауларды реттеудің ерекшеліктері

18.1. Объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан дау туындаған жағдайда, Сақтанушы (Үшінші тұлға, Пайда алушы) құқылы:

18.1.1. Сақтандырушыға (оның ішінде Сақтандырушының филиалы, өкілдігі, интернет - ресурстары арқылы) талаптарды көрсете отырып және оның талаптарын растайтын құжаттарды қоса бере отырып жазбаша өтініш жіберуге;

18.1.2. Объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын дауларды реттеу үшін сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, соның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не Сақтандырушы арқылы, соның ішінде оның филиалы, өкілдігі) немесе сотқа өтініш жіберуге.

18.2. Сақтандырушы Сақтанушыдан (Үшінші тұлғадан, Пайда алушыдан) өтініш алған кезде, оны бес жұмыс күні ішінде қарайды және дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап ұсынады.

18.3. Сақтанушы (Үшінші тұлға, Пайда алушы) сақтандыру омбудсманына жүгінген жағдайда Сақтандырушы Сақтанушының (Үшінші тұлғаның, Пайда алушының), сақтандыру омбудсманының сұрау салуы бойынша дауды қарауға және шешуге қатысты құжаттарды өтінім алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде ұсынуға міндетті.

19. Ақпараттық өзара әрекеттестік

19.1. Уәкілетті орган, оның бөлімшелері, өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган, прокуратура органдары, апат, инцидент және қауіпті өндірістік факторлар мен олардың салдары туралы ақпаратты білетін өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдар бұл ақпаратты сақтандырушыға, сақтанушыға (пайда алушыға), сақтандыру омбудсманына келген кезде ұсынуға міндетті.

20. Ерекше талаптар

20.1. Қызметі үшінші тұлғаларға залал келтіру қаупімен байланысты объект иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзған тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген жауапкершілікті атқарады.

«Сентрас Иншуранс» СК» АҚ	СЕ-08 Қызметі үшінші тұлғаларға залал келтіру қаупімен байланысты объекті нелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру ережелері	2019ж.«01» қаңтардағы №3 Басылым	14 беттің 15- беті
		2018ж.«14» шілдедегі №2 Басылымның орнына	

